

Қоғам және мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтың туғанына 93 жыл толуына орай «Өзбекәлі Жәнібеков ұлтқа қызмет етудің үлгісі» атты дөңгелек үстел

28.08.2024ж. күні оқу орнымызда қоғам және мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің туғанына 93 жыл толуына орай «Өзбекәлі Жәнібеков – ұлтқа қызмет етудің үлгісі» атты дөңгелек үстел өтті. Өзбекәлі Жәнібеков орталығы мен тарих-педагогика факультеті әлем тарихы және дінтану кафедрасының «Тұран» клубының жетекшісі Б.К.Баймахановтың ұйымдастырумен өткен дөңгелек үстелге оқытушы-профессор құрамы мен білім алушы жастар қатысып, өз ойларымен бөлісті.

Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаментінің директоры Қ.С.Анарбаевтың модераторлығымен өткен дөңгелек үстелде 1601-11 тобының студенттері Әлімхан Жарқынай «Өзбекәлі Жәнібековтің Қазақстанның болашақтағы дамуы туралы көзқарастары», Сүлеймен Ақбілек «Өзбекәлі Жәнібековтің қазақ фольклорының дамуына қосқан елеулі еңбегі», Тораханова Гулбахар «Өзбекәлі Жәнібековтің қазақ саяси қайраткерлерімен қарым-қатынасы», 1602-13 тобының студенттері Каримкулов Нұрсұлтан «Өзбекәлі Жәнібековтің Қазақстанның мұрағат ісіне сіңірген еңбегі», Қанатбек Абзал «Өзбекәлі Жәнібековтің қазақ зиялыларын қазақстандықтарға танытуға сіңірген еңбегі» тақырыптарында өз ойларын ортаға салды. «Түрік тілі» пәнінің оқытушысы Өмер Өздемир, т.ғ.д., ҚР ҰҒА профессоры Б.Р.Найманбаев «Әлем тарихы және дінтану» кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к. Г.Ж.Орынбасарова, Өзбекәлі Жәнібеков орталығының басшысы, ф.ғ.к. Э.Б.Оразбаева «Жәнібековтану» бағыты бойынша жүргізілетін жұмыстардың маңыздылығына тоқталды.

Дөңгелек үстелде п.ғ.д., профессор Д.Е.Кемешов, п.ғ.д., профессор К.Е.Ералин, п.ғ.к., профессор Н.Р.Рамашов, т.ғ.к., доцент М.Н.Алдаберген, ф.ғ.к., доцент А.Байниязовтар пікірлерін айтты. Дөңгелек үстел қаламыздың орталық саябағындағы қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, ақын-жазушылардың өлеңдерін оқып, пікір алмасты.











